



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКИ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 28 қараша

Валюталық қарызды қайта қаржыландыруға өтініш беру мерзімі 2018 жылғы 15 желтоқсанда аяқталады – А.Терентьев

Ипотекалық қарыз алушыларға жәрдемдесу үшін 2015 жылдан бастап Мемлекет басшысының тапсырмасымен Ұлттық Банк Ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру бағдарламасын іске асыруда, оған 300 млрд теңгеден астам бөлінді. Бұл ретте екінші деңгейдегі банктер қарыз алушылардың 156 млрд теңгеден астам сомаға тең берешегін кешіреді.

2015 жылы бөлінген 130 млрд теңге банктердің 2004 – 2009 жылдар аралығындағы кезеңде берген және жалғыз баспанамен қамтамасыз етілген қарыздарды қайта қаржыландыруға бағытталған.

«Жылдық 3%-дан аспайтын мөлшерлеме бойынша бұрын капиталдандырылған сомаларды шегергенде қарыздың негізгі боршының қалдығы қайта қаржыландырылуға тиіс. Қарызды қайта қаржыландырған кезде жекелеген банктер қарыз алушының әлеуметтік және қаржылық жай-күйін ескере отырып, сыйақы мөлшерлемесін төмендету, қарызды өтеудің жеңілдікті кезеңін ұсыну, қарыз мерзімін ұлғайту және т.б. түрінде жақсартатын жағдайларды ұсынады», - деп хабарлады Қазақстан Ұлттық Банкінің Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасының бастығы Александр Терентьев.

Борыштық жүктемені жеңілдету мақсатында қарыз алушының сыйақы, тұрақсыздық сомасы (өсімпұл), комиссия бойынша берешегін банктер кешіруге тиіс. Бұл ретте Бағдарламада қарыз алушының бүкіл борышын толық есептен шығару көзделмеген.

А. Терентьев 2018 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша Бағдарламаның арқасында 25 000-нан астам қазақстандық отбасының өздерінің жалғыз баспанасын сақтап қалуға және борыштық жүктемесін айтарлықтай, кейбір жағдайларда 40%-дан астам төмендетуге мүмкіндік алғанына баса назар аударды. «Ақша игерудің револьверлік тетігін ескере отырып, қайта қаржыландырылған қарыздардың саны 2026 жылға дейін 40 мыңға жуық болуы мүмкін», - деді А. Терентьев.

«Ұлттық Банктің қаражаты есебінен мемлекеттік баж сомалары бойынша 400 млн теңгеге, ХЭОТ санатына жататын қарыз алушылардың берешегі, сондай-ақ 14,6 млрд теңге сомаға проблемалық валюталық қарыздар бойынша бағамдық айырма есептен шығарылды. Банктер шамамен 20 млрд теңге сомаға сыйақы, өсімпұл (айыппұл) және комиссиялар бойынша берешекті кешірді», - деп атап өтті Қазақстан Ұлттық Банкінің Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасының бастығы Александр Терентьев.

Қазіргі уақытта Бағдарлама шеңберінде жеке тұлғалардың 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін шетел валютасымен берілген ипотекалық қарыздарын қайта қаржыландыру жүзеге асырылуда. Валюталық қарыздар Ұлттық Банктің 2015 жылғы 18 тамыздағы бағамы бойынша (бір АҚШ доллары үшін 188,35 теңге) теңгеге аударылуда. ХЭОТ санатына

жатқызылған қарыз алушылар үшін қайта қаржыландыру жылдық 3% сыйақы мөлшерлемесі бойынша жүзеге асырылуда.

Бағамдық айырма сомасы (156 млрд теңгеге жуық) Ұлттық Банктің қаражаты есебінен, ал қарыз алушылардың 136 млрд теңгеден астам сомаға сыйақы, комиссиялар, тұрақсыздық сомасы бойынша берешегін банктер есептен шығаруда.

Бағдарлама жеке тұлғалардың шамамен 22 мың валюталық қарыздарын қосымша қамтиды.

«2016 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізілген шетел валютасымен табысы жоқ жеке тұлғаларға шетел валютасымен жаңа ипотекалық қарыздар беруге тыйым салынғанын ескере отырып, Бағдарламаны іске асырудың қорытындысы бойынша Қазақстанда жеке тұлғалардың тұрғын жылжымалы мүлікпен қамтамасыз етілген валюталық қарыздары бойынша мәселе толық шешілетін болады», - деп атап өтті А.Терентьев.

Сонымен қатар А. Терентьев валюталық қарызды қайта қаржыландыруға өтініш беру мерзімінің 2018 жылғы 15 желтоқсанда аяқталатынына, банктердің валюталық қарыздарды қайта қаржыландыру мерзімінің 2018 жылғы 30 желтоқсанда бітетініне басты назар аударды.

«Ұлттық Банктің бастамасы бойынша 2006 жылдан бастап банктердің клиенттерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау деңгейін арттыруға бағытталған 60-тан астам заңнамалық нормалар қабылданды», - деп атап өтті Қазақстан Ұлттық Банкінің Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасының бастығы Александр Терентьев.

Сондай-ақ А. Терентьев 2015 жылы қарыз алушылардың борыштық жүктемелерін төмендетуге, келешекте қарыз алушылар міндеттемелерінің сыртқы факторларға тәуелді болмауына, банк қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған бұрын-соңды болмаған түзетулердің ауқымды топтамасы қабылданғанын еске салды.

«Халықтың осал топтарына жататын қарыз алушыларды қолдау үшін «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңға ағымдағы жылы Бағдарлама шегінде қарыз алушының ипотекалық қарыз шарты бойынша міндеттемелерін орындамауына байланысты өндіріп алу нәтижесінде банктердің меншігіне өткен тұрғын үйді жалға беру құқығын банктерге беру бойынша түзетулер енгізілді. Бұл заңнамалық норма Бағдарламаға тиісті толықтыру енгізілгеннен кейін жұмыс істей бастайды», - деп түсіндірді А.Терентьев.

Өз кезегінде, Ұлттық Банк тұрғын үйді жалға беру талаптарын әзірлеу мақсатында мүдделі мемлекеттік органдардың, саяси партиялардың, екінші деңгейдегі банктердің және қоғамдық бірлестіктердің басшыларының қатысуымен жұмыс тобын құру бойынша жұмыс жүргізуде екендігін атап өтеміз.

«Талаптар әзірленгеннен кейін Бағдарламаға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі. Осылайша, мемлекет объективті жағдайларға байланысты қиын жағдайға ұшыраған ипотекалық қарыз алушыларға бұрын-соңды болмаған қолдау көрсетуде», - деп хабарлады Қазақстан Ұлттық Банкінің Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасының бастығы Александр Терентьев.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz